



Сан жылғы еңбектің нәтижесі

**Жаңа жыл басында жерлесіміз,
өлкетанушы, қолөнер шебері Шөптібай
БАЙДІЛДИН ағамыз - «Қазақстанның
үздік мәдениет қызметкері» атанды.**

«Тәуелсіз ел жастары» қоғамдық қоры ұйымдастырған байқаудың мақсаты ел мәдениетін дамытуға елеулі үлес қосқан жандарды анықтап, марапаттап, көпшілікке танымал ету. Шараға Шөптібай ағамыз да қатысуға бел буып, нәтижесінде жеңімпаз атанды.

«Бұл байқаудың мәртебесінің биік екені атынан ақ көрініп тұр. Ұйымдастырушылар хабарласып, Президенттің мәдениетті дамыту ісін ілгерілету жөнінде республикалық мәдени саланы дамыту қоғамдық қоры құрылғанын, еліміздегі өнерлі адамдарды насихаттау барысында конкурс жарияланғанын айтты. Байқау та-

әр жылдары: комсомол комитетінің хатшысы, Аманкелді ауданына қарасты Рахмет ауылдық Кәсіподақ комитетінің төрағасы, Родник селолық кеңесінің төрағасы, Крупская, Абай совхоздарында партия комитетінің хатшысы, Құмкешу ауылының әкімі қызметтерін атқарған. Өлкетану, қолөнер, ою – өрнек жұмыстарымен айналысады. Әрқашан ізденісте жүретін азамат: «Қазақтың ою-өрнектері», «Ою ой, өрнек сал», «Оюмен ой айтқан елміз», «Санаулы ғұмырымдағы саналы ойларым», «Мұхиттан өткен қайық», «Кейкі батыр», «Тарихымызды түгендейік» атты кітаптардың авторы. Мұнымен қоса, «Қо-

лабында: қатысушының атқарған қызметі, жасаған ісі, көрсеткен өнері тәрізді түрлі салалар қамтылған екен. Содан, 77 жасымда тағы бір топқа түсіп, бағымды сынап көрейін деп қатысуға бекіндім. Сөйтіп, бар еңбектерімді жібердім. Қорытындысында ұйымдастырушылар менің еңбектерімді жоғары бағалап, «Қазақстанның үздік мәдениет қызметкері» төсбелгісімен және Алғыс хатпен марапаттады», – дейді Шөптібай БАЙДІЛДИН ағамыз.

Шөптібай Байділдәулы Алматы жоғарғы партия мектебін аяқтап,

станаай облысы, Торғай аймағының көрікті жерлерінің ақпаратты бағдар тізбесі», «Құпия сырлы өлке-Арқалық» атты еңбектері бар. Қалалық, облыстық, республикалық БАҚ – да түрлі танымдық, тәрбиелік, тарихты танып, өткенді зерделеу тақырыптарындағы бағдарламалар мен мақалалары жарық көріп тұрады. Әлемдік «Шыңғысхан» академиясының академигі, ҚР Мәдениет Министрлігінің «Үздік өлкетанушы» төсбелгісінің, Қостанай облыстық «Қазына» сыйлығының екі мәрте иегері, Арқалық қаласының «Құрметті азаматы».



Күзәлік № 0238



«Тәуелсіз ақпарат» қоғамдық жаратылыс
25.11.2023 жылғы № 4
хаттамасына сәйкес

Байдильдин
(тегі)

Шоптибай
(аты)



«Тәуелсіз ақпарат» қоғамдық
ҚК директоры

Б. Айтқаримов